

#36-37

(1011-1012)

13 желтоқсан

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗДІК - БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМ!



▼ BRENT \$71.76

▼ USD 516 T

▼ EUR 544 T

▼ RUB 5,15 T

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БӨЛІНЕТІН СУБСИДИЯНЫҢ БІРЕУЛЕР ҮШІН «АЛТЫН АСТАУҒА» АЙНАЛҒАНЫ БҰРЫННАН АЙТЫЛЫП ЖҮР. ОСЫ АПТАДА БҰЛ МӘСЕЛЕ ПАРЛАМЕНТ ҚАБЫРҒАСЫНДА ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ. ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ШЫН МӘНІНДЕ ЖАҒА ҰСТАТАРЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР КЕЛТІРДІ.

бюросының мәліметінше, былтыр ішкі нарықтағы импортталған құс етінің үлесі – 34 пайыз.

Әлихан Смайылов құс етін өндірушілер мемлекеттен субсидия алып, шығарған өнімін көрші елдерге ішкі нарықтағы бағадан арзан сатып жатқанына тоқталды:

СУБСИДИЯЛАНҒАН ҚҰС ЕТІ КӨРШІ ЕЛДЕРДЕ АРЗАН БАҒАМЕН САТЫЛАДЫ

Әлихан Смайыловтың пікірінше, субсидия төлеу бүгінде «әлеуметтік сипатқа» ие. Кәсібін жүргізетіндер бүкіл шығынды мемлекет мойнына артып қойғысы келетіндей. Жоқ нәрсеге қаржы алғандар да бар. Мәселен, бір мыңға жуық адам 1,5 млрд теңгеге субсидия рәсімдеген. Бірақ салық органдарында кәсіпкер ретінде тіркелмеген. Түркістан облысында 15 субъект 225 млн теңгеге іс жүзінде жоқ инвестицияға субсидия алған. Абай облысында екі кәсіпорын жалған ақпарат ұсынып, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алмай-ақ 131 млн теңге субсидия тартқан.

Ә.Смайыловтың айтуынша, алдағы уақытта тиісті форматты-логикалық бақылау енгізіп, басқа да мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялауды кеңейту қажет. Өйткені қаржыландыру шартына сәйкес келмейтін субъектілерге субсидия төленген, екі қайтара және асыра субсидиялау фактілері де кездеседі. Субсидиялаудың қарапайым және айқын алгоритмі қажет, шаруашылықтар түпкілікті нәтиже бойынша субсидия алуы тиіс. Сонда ғана субсидия арқасында жұмыс істеп тұрған тиімсіз шаруалар кәсібін дөңгелеткісі келетін адал фермерлерге жол береді.

Талқылау кезінде депутат Бақытжан Базарбек мынадай мәлімет келтірді: «Субсидия жымқыру тәсілдерінің шектен шыққаны сонша, 1299 айлық ірі қараға субсидия төлеу фактісі анықталған. Бұл 108 жыл деген сөз. 1917 жылдың наурызында туған мал деп келтірген. Басқаша айтсақ, әкімдіктер Амангелді Иманов



көтерілісі басталардан екі жыл бұрын туған сиырға субсидия берген».

Әлихан Смайылов бұл деректің аудит кезінде анықталғанын айтты: «Ондай дерек шынымен де бар, ол аудиторлық қорытындыдан алынып отыр. Кейбір ауыл шаруашылығы құрылымдары тиісті мөлшерден жоғары көлемде субсидия алған. Бір іс-шараға екі мәрте субсидия алу деректері кездеседі. Өкінішке қарай, бұл деректердің бәрі ауыл шаруашылығы саласын цифрландырудың талапқа сай болмай тұруымен байланысты».

Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы құс етіне мемлекеттен бөлінетін субсидиялардың да тиімсіз игеріліп жатқанын атап көрсетті.

Ішкі нарықты құс етімен қамтамасыз ету үшін жыл сайын қыруар қаржы бөлінеді. Мәселен, өткен жылы құс етін өңдейтін 32 кәсіпорын 22 млрд теңге субсидия алды. Ұлттық статистика

«Қазақстанда өндірілетін құс еті ішкі нарықтағы орташа көтерме бағасы – килограммына 1200 теңге. Ал бөлшек саудада – 1400 теңге. Дәл сол субсидияланған құс еті көрші елдерге көтерме бағамен көрші елдерге 800-900 теңгеден сатылады. Біздің ойымызша, егер осы өнім ішкі нарықта осындай төмен бағамен сатылса, өз тұтынушыларымыздың сұранысы көбірек болады және импорт үлесі төмендейтін еді. Сондықтан, біздің пікірімізше, құс етіне бөлініп жатқан субсидияның тиімділігі жеткіліксіз. Құс етін өндіретін кәсіпорындарға нақты міндеттер қойылуы керек».

Мәжілістегі кейбір депутаттар субсидия алатын құс өндірушілердің мүддесін қорғап бақты. Дегенмен Жоғары аудиторлық палата деректері таразыда басым түскені анық.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ КҮРТ ӨЗГЕРДІ. ӘСІРЕСЕ, АЛАЯҚТАР МЕН КИБЕРҚЫЛМЫСҚЕРЛЕРДІҢ САНАСЫ ЖАҢАРЫП, ЖАҢА ӘДІСТЕРГЕ КӨШКЕНІ БАЙҚАЛАДЫ. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫНДАҒЫ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ МАМАЙ АХЕТОВ ӨЗ БАСЫНАН ӨТКЕН ОҚИҒАМЕН БӨЛІСІП, ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ОЙЛАРЫН ОРТАҒА САЛДЫ. ОНЫҢ АЙТУЫНША, ЖАМАНДЫҚТЫ ҚАЙТАРЫП, БӘЛЕДЕН САҚТАЙТЫН ТІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛЫП ТҰР. ҚАЗАҚ СӨЗІ, МӘДЕНИЕТІ МЕН ТАРИХЫ РУХАНИ ҚОРҒАУШЫДАЙ, ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНА ҚАРСЫ ТҰРАР ҚАРУ СИЯҚТЫ.

Мамай АХЕТОВ бұл жайлы өз әлеуметтік желісінде былай деп жазды:

«Біраздан бері телефон алаяқтары мазалауды күшейтті. Алдында бір сыйлы кісіден ватсап арқылы «ертеңге дейін 300 мың теңге бере тұршы» деген хабар келген. Жанымдағы сергек жандардың «тәк-тәгімен» аман қалғам. Кейін бір лауазымды тұлғаның атынан: «Пәленше пәленшеевичті білесіз бе?» – деген хабар сап ете қалды. Дереву көмекшілеріне хабарласып едім: «Алаяқтар ғой» – деді... Өткенде орысша сөйлейтін бір келіншек телефон соғып, «Казпочтадан» сізге бір тауар келіп тұр» деп әңгімесін бастады. Менің аты-жөнімді, үйімнің адресін дәл айтып тұр. Қоя салып едім, артынша басқа номерден сол дауыс сөйлеп тұр. «Алаяқтардың отрядынансың-ау, ә!?» – деп едім, тастай салды. Кеше 87478727853 деген номерден тағы да хабарласып, әйел дауысы орысша ұялы байланыс операторы екенін айтты. Мен қазақша: «Тыңдап тұрмын, айта беріңіз...» деп едім, атымды атап: «Вы же знаете русский язык, почему не говорите!?» – деп ұрса бастады. Мен: «Орысша білмеймін, не айтқыңыз келіп тұр?» – деп едім, қатты ашуланып балағаттай жөнелді. Мен де қарап қалғаным жоқ, М.Әуезовше «Мен ондай сөздерді білмеймін, осы айтқаныңның бәрін өзіңе қайтардым!» – деп салдым қазақшалап...

Қазақ сөзі бәле-жаладан қорғайтын, жамандықты аластайтын періштелердің тілі болып тұр. Сақ болайық, ағайын!» – дейді Мамай Ахетов.

Бұл оқиға қоғамдағы кибер алаяқтықтың қаншалықты қауіпті болып бара жатқанын көрсетеді. Мұндай алаяқтар адамдардың сеніміне кіріп, олардың жеке мәліметтерін иемденуге тырысады. Бұл алаяқтардың жұмысы көбіне әлеуметтік инженерия әдістеріне негізделген: олар өздерін ресми мекемелердің немесе банктің



ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕҢ, КИБЕРАЛАЯҚ ҚАШЫП КЕТЕДІ

қызметкерлері ретінде таныстырып, адамдарды алдайды. Мамай Ахетовтың тәжірибесі мен қаржы маманы Айбар Олжайдың пікірінше, кибералаяқтықтың көбеюіне цифрлық қауіпсіздікке деген төмен білім деңгейі себеп болып отыр.

Айбар ОЛЖАЙ алаяқтықтың негізгі себептерін де атап өтті: «Кибералаяқтық – тек технологиялық мәселе емес, ол психологиялық шабуыл. Олар адамдардың ішкі әлемін зерттеп, сенімге кірудің шебері. Алдап, құпия мәліметтерді алу үшін түрлі әдістер қолданады,» – дейді ол. Сонымен қатар Айбар Олжай интернет алаяқтарының көп жағдайда егде жастағы адамдар мен интернет қауіпсіздігі туралы білімі төмен азаматтарға бағытталатынын айтады. Ол цифрлық қауіпсіздікті арттырудың маңыздылығын атап, жеке мәліметтерді қорғау қажеттігін ескертеді. Қаржы маманы, әсіресе банк жүйесіндегі ақауларға тоқталып өтті. Оның айтуынша, банк қызметкерлерінің азаматтардың жеке деректеріне келгенде салғырт қарауы әрбір клиенттің басына алаяқтыққа

ұшырау сынды мәселелердің келу ықтималдығын арттырады. Сондықтан Халыққа қызмет көрсету орталығымен қосқанда, әсіресе банк бөлімшелеріндегі қауіпсіздікті едәуір арттыру қажет деген пікірде.

Ішкі істер министрлігінің мәліметтері бойынша, соңғы жылдары кибер қылмыс саны айтарлықтай артқан. Былтыр 21 000-нан астам киберқылмыс тіркеліп,

қаржылық шығын 12 миллиард теңгеге жеткен. Телефон алаяқтарының әрекеттері көбейіп, әрбір 5 адамның 1-і осы әдіске алданған. Бұл көрсеткіштер алаяқтықтың әрбір азамат үшін нақты қауіп екенін айғақтайды.

Қаржы маманы Айбар Олжай алаяқтыққа қарсы бірнеше қорғаныс шараларын ұсынады:

1. Жеке деректерді қорғау: Банк карталарының нөмірін,

PIN-кодты, SMS арқылы келген кодтарды ешкімге бермеңіз.

2. Тек сенімді сайттар: Қаржылық және жеке мәліметтерді тек шынайы сайттарға енгізіңіз.

3. Құпиясөздерді күрделендіру: Әр аккаунт үшін күрделі құпиясөздер қолданыңыз.

4. Қоңырауларға сақ болу: Банк немесе полиция қызметкері ретінде қоңырау шалып, деректер сұраса, әңгімені тоқтатып, өзіңіз тексеріңіз.

Цифрлық дәуірде алаяқтардың әдістері де сан алуан болып келеді, бірақ қазақ тілі мен мәдениеті олардан сақтанудың ерекше тәсіліне айналуы мүмкін. Мамай Ахетовтың оқиғасы көрсеткендей, қазақша сөйлеп, сақтық таныту – алаяқтарға қарсы қуатты қару. Әрбір азамат өз жеке деректерін қорғап, күмәнді қоңырауларға алданбауы керек. Белгісіз нөмірлерден келген хабарламалар мен кодтарды ешкімге бермеңіз. Ең бастысы, ұлттық рухымызды сақтай отырып, өзімізді және жақындарымызды интернет қауіп-қатерінен қорғауды ұмытпайық!

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

**ӘРІСІ ӘБІЛҚАЙЫР ХАН, ӘЙТЕКЕ
БИ, ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР
ЕЛДІК ҮШІН ҰРАНДАҒАН БІР
ӨҢІРДЕН КЕШЕГІ ЖЕЛТОҚСАН
КӨТЕРІЛІСІНДЕ ДЕ ҚЫЗЫЛ
ИМПЕРИЯҒА ҚАРСЫ
ҚЫРАНДАРЫМЫЗДЫҢ
БІРНЕШЕУІ АТОЙЛАП
ШЫҚҚАНДЫҒЫН ТАҢДАНБАЙ
АЙТУҒА БОЛАДЫ. СОЛАРДЫҢ
ІШІНДЕ АЛЫПТАРДЫ
СЫЙДЫРҒАН АЛАПАТ ЖЕРІ
БАР СОЛ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНЕН
ТҮЛЕГЕН БОЛАТ ТЕЛЕУОВ,
БОЛАТ АРЫНҒАЗИЕВ, БЕРІК
ТАЙБӨКЕНОВТАР ДА БАР ЕДІ.**



ЖЕЛТОҚСАНДА «АЛҒАНЫ» АЛҒА ТАРТҚАНДАРДЫҢ БІРІ

Желтоқсан көтерілісінде сотталған Болат Телеуовқа тағзым

Желтоқсан көтерілісін 28 жасында қарсы алған Болат Қойшыбайұлы Телеуов бұл сақа жаста өмірге де, өнерге де шыныққан Алға қаласы балалар спорт мектебінің жаттықтырушысы болатын. Тіпті оның ұлттық сананы да жаттықтыра білген жасампаз екендігін сол көтеріліске қатысты екі жарым жыл бас бостандығынан айырылып, уақытын зонада өткізгендігі де дәлелдейді. Ал Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданында туған әріптесі және құрдасы Болат Төлеғазыұлы Арғынғазиев та Мәскеу саясатына қарсы жазған ұран плакаттары үшін дәл сондай мерзімге сотталды. Бәрі де спортшы.

Алматыдағы көтерілісті қолдаушылар және жалғастырушылар еліміздің әр түпкірінен бой көрсеткені

жайлы хабарларды шындыққа баладық. Толқуларға көбіне ұлт қаймағы бұзылмаған таза қазақ аудандарының түлектері қатысқан шығар деуші едім. Әрине, Алматыдағы оқиғада ауылдардан жиналған қазақ жастары басымдық танытты. Ұлт жастарының болашағына тосқауыл болған тіл мәселесі қашан да алдыңғы орында еді. Орыс тілінен қиындық көрмейтін, көп ұлтты елді мекендерде бір жерде тұрып, біте қайнасқан ұлтпен қандай мәселе болуы мүмкін деуші едім. Кеңестік Алматыда мен көрген орыс тілділер өз ұлтынан бұрын орыстың сөзін сөйлеп, қорғаштап әлек болатын. Олар көтерілісшілерге де қарсы болды. Сол сияқты Ақтөбе төңірегіндегі Алға да сондай бірнеше ұлт мекендеген қала болатын. Менің 25 жасында мерт

болған туған күйеу балам Мақсат Махамбетов та сол Алға ауданынан еді. Бірақ Желтоқсан тарихына қатысты деректерге сүйенсек, қаланың да өз патриоттары болады екен. Болат Қойшыбайұлы ол кезде Алға қаласындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жұмыста. Жалпы көтерілісте басты талаптарды плакатқа жазып, жарқыратып көрсеткен ұран, транспаранттардың рөлі ерекше болды. Алаңға алып шыққан бұл жазуларды ұйымдасып жазғандар да, «ана сөзді Ленин томдарынан алып, мен жазып едім» деп таласушылар да жетіп асады. Мұндай бастаманың облыстарда да орын алғанын Жезқазғандағы ғимарат қабырғасына «Колбинге – өлім!» деп жазған М.Шекербековтың әрекетінен де естіген едім. Бұл

жолы Болат қасындағы өзімен аттас Болат Арынғазиев, Берік Тайбөкенов үшеуі қалдық жасыл бояу тауып алып, «Долой, Колбин!» деп жазады да сол түнде үйлеріне беттейді. Болат содан жол үстіндегі тәртіп сақшыларына да онша мән бермей амандасып өтеді. Тек үйіне жақындағанда сол тұстағы ішкі істер мекемесі алдына беймезгіл жиналған тәртіп сақшылары ғана таңдандырады. Ол өз істерінен күдіктеніп, сол түні дұрыс ұйқы да



көрмей, ертесінде көшеге беттеп бара жатып, артынан ілескен бір орыс, бір қазақты байқайды. Мұның сырын білу үшін Болат өздері жазу жазып кеткен үй жағындағы «Дружба» дүкенін төңіректеп көреді. Онда тәртіп сақшыларының ығыстырғанына да қарамай, әлгі жазуды қызықтағандар жүр екен. Бұл қалада да бой көрсетер азаматтар бар екеніне ризашылық та білдіріп жатқандар да бар. Сосын қалааралық спорт жарысының бас төрешісі Болаттың өзі болғандықтан, спортзалға барып, финалдың ашылуын бастап, сөз арасына «Ұлтаралық араздық болмасын!» дегенді де қосып қояды. Жарыс басталғасын жымыған манағы әріптестеріне бір қарап, бөлмесіне

барады. Оны ізінше сол жерден аңдып жүрген МҚК тыңшылары ойламаған жерден құрықтап, ішкі істер бөліміне апарып, тұла бойын тексерістен соң бәтеңкесіне тамған жасыл бояуды байқап қалады. Оны жазудағы бояумен салыстырып, эксперт нәтижесі анықтап бергесін олардың үшеуін де кісендеп, Ақтөбедегі 5-ші түрмеге қамайды. Ол камерада, айтуларынша, Алғаның бұзықтары отыр екен. Сол жолы шешесі арқылы хабар



бергенімен, осы салада істейтін ағасы да көмектесе алмайды. Бірақ милицияның жөнсіз қысымдарын тоқтатуға жәрдемдеседі. Әкесі ішкі істер басқармасы басшылығында болса да, бір ағасы МҚК майоры, бір ағасы полковник болып, басқасы басқа жерді дүрілдетіп тұрса да Болат бәрібір сотталады. Әуелі зонаға тоғытылып, сосын химияға ауыстырады. Осындай кезде кейбір жаттықтырушы әріптестері оны сырттай балағаттай бастаған екен. Әйтсе де, түрмеге жағдайын сұрап хат жазып, үнемі рухани қолдаушы болған Марат сынды шәкірттерінің барына да шүкіршілік еткен екен. Ол – бүкілодақтық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы еді.

Бұл күнде Болат Төлеуов те, Берік Тайбөкенов те о дүниелік болған. Әйтсе де, оларды жерлестері ұмытпай ұрпаққа патриоттық тәрбие мақсатында түрлі шаралар өткізуде. Соның бірі – сол өңірдегі бокстан тұңғыш КСРО спорт шебері Болат Төлеуовтың туғанына 60 жыл толуына орай алыс, жақын облыстар мен Ресейді қамтып, бокстан өткен жасөспірімдер арасындағы біріншілік еді. Марқұмды еске алуға арналған бұл жарыстың жеңісі орынборлық Азамат Құрманғазиевқа бұйырып, «турнирдің ең үздік боксшысы» атанған екен. Жалпы Болат және Ахмет Төлеуовтардың есімі Ақтөбе облысы үздік спортшылары қатарында жиі айтылатын көрінеді.

Жалпы Желтоқсан көтерілісі Болаттың әулетін де бейжай қалдырмай зардабын тигізгенін қарындасы Алтын сол өңірдегі баспасөзге берген сұхбатында тебірене еске алады. Ол зауытта сотталған Б.Арынғазиевтің қарындасы және Берік Тайбөкеновтың бауырымен бірге жұмыс істеген. Әсіресе, бұл көтеріліс Болатпен бірге туған Өмірғали мен Ахметтің құқық орнындағы қызметтерінің ауыс-түйісіне ықпал етсе, аудан мәдениетін басқарған Әмірді де сол жала орнынан босатқан. Кіші інісі Мұрат қана Мәскеуде оқуда болып аман қалған сияқты. Кейін ол медицина ғылымдарының докторы болған. Сол кезде орыс тілділердің ықпалы басым алыстағы Алға қаласының өзінде өз ортасы мен билік «кеңестік жүйеге қарсы әулет» деп таныған ұлт күрескерлерін түлеткен отбасы болғанына қалай таңданбайсың!...

**Аманғазы
КӘРІПЖАН әулеті,
ақын, сазгер
Желтоқсан ардагері**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ, КӨРНЕКТІ КӨСЕМСӨЗШІ, ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, САЯСИ ҒЫЛЫМДАР КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР



ЖҰМАБЕК КЕНЖАЛИННИҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «III ЖҰМАБЕК КЕНЖАЛИН ОҚУЛАРЫ» АЯСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҮРДІСТЕР: БАҚ, МЕНЕДЖМЕНТІ МЕН МАРКЕТИНГІ ЖӘНЕ PR» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.

**ЖҰМАБЕК
КЕНЖАЛИН.**

ӨН Е Г Е Л І Ө М І Р

Конференцияға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі журналистер Сауытбек Абдрахманов, Жанболат Аупбаев, Талғат Айтбайұлы, Өмірхан Әбдіманұлы, Қайнар Олжай, Аяған Сандыбай, Бекболат Жетпісбайұлы, Сәбит Дүйсенбиев, Серік Әбікенұлы, техника ғылымдарының докторы Бақдәулет Құмаров, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Жомарт Симтиков, философия ғылымдарының докторы Дәуренбек Құсайынов және басқа да азаматтар қатысты. Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай модераторлық жасап, кіріспе сөзінде барлық қатысушыларды

игі шараның басталуымен құттықтап, осынау іс-шараның маңызы өте жоғары екенін айтты. Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың ізгі лебізге толы құттықтау хаттарын оқыды.


Конференцияға қатысқан толғаулы пікірлерін, жүрекжарды лебіздерін ортаға салған тұлғалардың әрқайсысы Жұмабек Омарұлының қадір-қасиетіне, азаматтық қырларына тоқталды.

Белгілі қоғам қайраткері, жазушы-публицист Сауытбек Абдрахманов Жұмабек Омарұлының кіршіксіз таза болмысын, журналистік қызметін

«Қазақ газеттері» акционерлік қоғамын сақтап қалудағы еңбегімен сабақтай келіп, қарымды қаламгердің әр қыры бірте-бірте зерттеліп ашыла беруі тиіс екенін айтса, белгілі қаламгер Жанболат Аупбаев ардақты азаматпен бірге жұмыс істеген жарқын жылдарды еске алып, талантты да табанды журналист, білімді де білікті басшы, өмірінің соңғы сәтіне дейін жүрдек уақыт жүрісіне лайық жұмыс машығынан танбаған қажыр-қайрат иесі ретіндегі қасиеттеріне назар аударды. Филология ғылымының докторы Өмірхан Әбдіманұлы қайраткер тұлға көтерілген биіктіктің бәрі де таза еңбегімен, әділ жүріп, жақсылықтың жанашыры

бола білуінің арқасында жеткен жетістіктер нәтижесі екенін тілге тиек етті.

Алқалы жиында көрнекті публицист Қайнар Олжай, Талғат Айтбайұлы, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі Серік Әбікенұлы мен басқа да азаматтар сөз сөйледі. «Атамұра» корпорациясының президенті Рахымғали Құл-Мұхаммед журналистика майталманының



70 жылдығына арнап автордың «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» еңбегін үш мың данамен шығаруға бастамашылық жасағанын айтып, аталған кітаптың құндылығы жөнінде ой өрбітті. III Жұмабек Кенжалин оқулары аясында қос бірдей кітаптың, атап айтқанда, «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген «Жұмабек Кенжалин» деп

аталатын ғұмырнамалық жинақтың, сондай-ақ Ж.Кенжалиннің «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» атты туындысының тұсауы кесіліп, оқырман қауымға жол тартты.

Іс-шара аяқталған соң конференция қатысушылары Панфилов көшесінде орналасқан 101 үйді бетке алды.

1985-2009 жылдар аралығында Жұмабек Кенжалин тұрған бұл көп қабатты еңселі үйдің қабырғасына орнатылған ескерткіш тақтаның ашылу рәсімі жасалды. Бұдан соң көсемсөз шеберінің рухына арнап ас беріліп, Құран бағышталды. Аста да талай игі жақсылар өз естеліктерімен бөлісті. Ардақты тұлғаның зайыбы Әлима Әбдірахманқызы, қаламгердің ұлдары Дастан мен Жандос Кенжалиндер қолдау көрсетіп келген барша жанашыр азаматтарға әулет атынан алғысын жеткізді.

Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ,
«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының бас редакторы



БҮГІНГІ ДӘУІР АДАМЗАТҚА ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ҰСЫНУМЕН ҚАТАР, ҮЛКЕН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ДА АЛА КЕЛДІ. АҚПАРАТ ӨНДІРІСІ МЕН ОНЫҢ ТАРАЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫНА ІЛЕСУ БАРҒАН САЙЫН ҚИЫНДАП БАРА ЖАТҚАН ЗАМАНДА, КОММУНИКАЦИЯ ЭКОЖҮЙЕСІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС ПРОЦЕСІНЕН ӨТІП ЖАТЫР. АЛАЙДА БҰЛ ӨЗГЕРІС ҮДЕРІСІ ОҢ ІЛГЕРІЛЕУДІ ҚАМТУМЕН БІРГЕ, АДАМГЕРШІЛІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ СЫНАҚТАРДЫ ДА ҚОСА АЛЫП КЕЛУДЕ.

қолдана алатын жасанды интеллект түпнұсқа мен жалған мазмұнның айырмашылығын анықтау мүмкін емес жағдайға жеткізіп, қоғамдардың сенімін бұзады және ақиқат дағдарысын тереңдетеді. Бұл өз кезегінде дезинформация, манипуляция және этикалық нормалардың бұзылуы секілді құбылыстардың салдарын одан әрі күшейтеді.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ

Технологияның қарқынды дамуы күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған жасанды интеллект пен алгоритмдерді жай құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар күштердің тепе-теңдігін қайта анықтайтын ықпалды факторға айналдырды.

Ақиқат пен жалғанның арасындағы шекара күн өткен сайын бұлдырланып, адамзат «ақиқат дағдарысы» деп сипаттауға болатын белгісіздіктер торына тап болуда. Осындай үлкен сынақтармен бетпе-бет келген біз бұл мәселелерді еңсерудің жалғыз жолы тиімді коммуникация стратегияларын әзірлеу екенін жақсы білеміз.

Технологиямен бірге түбегейлі өзгеріп жатқан коммуникация экожүйесінің мүмкіндіктері мен қауіптерін қоғам игілігі үшін тиімді талдап, басқару – біздің басты міндетіміз. Қазіргі даму үрдістері қоғамдардың коммуникация саласындағы әдеттерін өзгертіп, цифрлық медиа өміріміздің маңызды бөлігіне айналды. Бұл өзгерістің ең таң қаларлық тұсы жасанды интеллектінің коммуникация процестеріне тигізетін әсері арқылы байқалады.

Жасанды интеллект құралдары біздің әлемімізді және барлық салаларды жылдам өзгеріске ұшыратуда. Бүгінгі таңда жасанды интеллект стратегиялық коммуникацияда ойлау жүйесін



түбегейлі өзгертетін күш ретінде көрініс тапты. Деректерді талдау, мазмұн жасау және дағдарысты басқару секілді салаларда ұсынып отырған мүмкіндіктері бірнеше жыл бұрын ғана елестету қиын болған жылдамдық пен тиімділікті қамтамасыз етті. Кеше ғана ғылыми-фантастикалық фильмдерде ғана көрінетін идеялар бүгінде әркімге қолжетімді бола бастады.

Алайда технологияның бұл оң бағыттағы ілгерілеуі дұрыс мақсатта пайдаланылмаған жағдайда, цифрлық қаруға айналу қаупін тудырады. Deepfake технологиясын

Алгоритмдер басқаратын әлемде адамдардың тек өз «жаңғырық бөлмелеріне» қамалып, қоғамдық бөлінуді күшейтуі және ақиқаттың орнын манипуляцияның басуы қауіпті жағдай туғызады. Мұның бәрі жасанды интеллектіні этикалық қағидалармен басқарудың маңыздылығын айқын көрсетеді. Жасанды интеллектінің цифрлық кеңістіктегі қолданылуы есеп беру, ашықтық және этика секілді көптеген мәселелерді күн тәртібіне шығарып отыр.

Жақында Газада орын алған қайғылы оқиғалар кезінде жасанды интеллект қолдаған

дезинформацияның халықаралық қауымдастықты адастыру үшін қалай пайдаланылғанына бәріміз куә болдық. Әлеуметтік желілерде дезинформация алгоритмдер арқылы жылдам таралып, шынайы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі шектелді. Соның нәтижесінде болған оқиғалар мен адам құқықтарының бұзылуы туралы шынайы ақпараттың жұртшылыққа жетуі қиындай түсті.

Осы жаңа дәуірде стратегиялық коммуникацияны белгісіздіктерді басқарудың және сенімділікті қалыптастырудың басты құралы деп білеміз. Түркия бұл бағытта ұлттық және халықаралық деңгейде белсенді рөл атқаруда.

Президенттік Коммуникация басқармасы ретінде жүргізіп отырған дезинформациямен күрес жұмыстары көптен бері

терең талқылайтын бірегей алаң болып табылады. Форум әлемнің түкпір-түкпірінен мемлекеттік сектор, медиа, академия, азаматтық қоғам және жеке сектор өкілдерін біріктіріп, стратегиялық коммуникация экожүйесінің болашағына бағыт беретін идеялар тоғысатын орталыққа айналады.

Алайда STRATCOM-ды тек қана форум ретінде қабылдау

А Қ И Қ А Т КҮ Р Е С І

Технологиялық және цифрлық мүмкіндіктердің адамзатқа тигізген зор пайдасын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл мүмкіндіктерді жаман ниетпен пайдаланатындардың жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қатер төндіретіні де ақиқат. Мұндай күйретуші әсерлерге қарсы, Түркия ретінде біз стратегиялық коммуникация механизмдері арқылы жалған ақпараттың таралуын тоқтатып, ақиқатты қорғауға және халықаралық қауымдастыққа дұрыс ақпарат жеткізуге барынша күш салудамыз.

Цифрлық қауіп-қатерлер туралы хабардарлықты арттыру және медиа сауаттылықты дамыту бүгінгі күннің сан алуан тәуекелдерімен күрестегі басымдықтарымыздың бірі болып табылады. Цифрлық кеңістіктегі ауқымды өзгерістерді басқару үшін жаһандық ынтымақтастықтың маңызы күн өткен сайын артуда. Түркия ретінде біз ақиқат үшін күресте халықаралық ынтымақтастықты қолдайтын әрекеттерімізді жалғастырудамыз.

Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның «Түркия ғасыры» визиясы аясында, бұл өзгерістер дәуірінде ел ретінде стратегиялық ұстаным танытып келеміз. Біз технологияны адамзат игілігіне бағыттауды, қоғамдық пайда мен ақиқатты басты орынға қоятын коммуникацияны негізге аламыз.

ақиқат дағдарысына қарсы табандылықпен әрекет етіп, осы салада тиімді шешімдер әзірлеуде. Біз дағдарыстық коммуникацияны жасанды интеллект қолдайтын стратегиялық коммуникация процестерінің ең маңызды қолдану салаларының бірі ретінде бағалаймыз.

Кризис жағдайларында дұрыс ақпаратқа тез қол жеткізу және қоғамды тиімді түрде хабардар ету өмірді құтқаруда шешуші рөл атқарады. Осы мақсатта Түркия жаһандық және ұлттық деңгейдегі коммуникация механизмдерін жетілдіруді жалғастырып, сенімді және шынайы ақпараттың таралуын қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек етуде.

Цифрлық дәуірдің өзгерістер желін айқын сезінген осы кезеңде, 2024 жылдың 13-14 желтоқсанында өтетін «STRATCOM: Халықаралық стратегиялық коммуникация форумы» – мүмкіндіктер мен тәуекелдерді жаһандық деңгейде

жеткіліксіз. «STRATCOM: Халықаралық стратегиялық коммуникация форумы» цифрлық дәуірдің қиындықтары мен ақиқат дағдарысына қарсы ортақ ерік-жігер қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаһандық үндеу ретінде де маңызға ие. Бұл жаһандық үндеудің мәні жасанды интеллект пен стратегиялық коммуникацияда орын алған төңкерістердің үлкен жауапкершілікті талап етуімен айқындалады.

Біз адамзаттың ортақ болашағы үшін ақиқат, ар-ождан және әділет қағидаттарынан айнымай әрекет етуіміз қажет екенін терең түсінеміз. Түркия осы қағидаттарды басшылыққа ала отырып, тек аймақтық деңгейде ғана емес, жаһандық деңгейде де үлгі болуды жалғастырады.

Фахреттин АЛТУН,
профессор, доктор, Түркия
Республикасы Коммуникация
басқармасының төрағасы





«ҚАЯҚ, БҰЯҚ» ДЕЙТІНДЕР ТІЛДІ БҰЗЫП ЖҮР МЕ?

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ КӨПТЕГЕН ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРДІ БАСЫНАН ӨТКІЗДІ. ТІЛДІҢ ӘР АЙМАҚТА ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫС БОЛСА ДА, СОҢҒЫ УАҚЫТТА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ, ҚОҒАМДА ДА ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН НОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ТАЛҚЫЛАР ЖИІ КӨТЕРІЛІП ЖАТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ, ЖУРНАЛИСТ НҰРБЕК БЕКБАУ ӨЗІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАСЫНДА ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕ ТІЛДІҢ ҚЫСҚАРТЫЛЫП, БҰЗЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІР БІЛДІРГЕН ЕДІ. ОЛ: «ОҢТҮСТІКТЕ СӨЗДІ ҚЫСҚАРТЫП, ТІЛДІ БҰЗАДЫ. «ҚАЙ ЖАҚҚА» ДЕУДІҢ ОРНЫНА «ҚАЯҚҚА» ДЕЙ САЛАДЫ» ДЕП ЖАЗҒЫРАТЫНДАР БАР. ИӘ! ШЫМКЕНТ, ТАРАЗ, ҚЫЗЫЛОРДА ЖҰРТЫНДА СӨЗ ҚЫСҚАРТУ ДЕГЕН БАР. «БАЛАЛАР» ДЕП СОЗЫП ОТЫРМАЙ, «БАЛДАР» ДЕЙДІ. «ҚАЙ ЖАҚ» ЕМЕС, «ҚАЯҚ» ДЕЙДІ. НЕГЕ?», – ДЕП ЖАЗАДЫ.

Нұрбек Бекбау бұл құбылысты тілдің бейімделуі мен саудасаттықтағы қажеттіліктермен байланыстырады. Оның ойынша, тілді тез және қысқа айту қажеттілігі бизнес орталарында пайда болғандықтан, ол сөздерді ықшамдау үрдісі табиғи процесс ретінде қабылдануы тиіс.

«Тіл бизнестік ортаға түскенде ықшамдалып, нақ күйге түседі. Өйткені саудада уақыт тапшы. Мәселе шұғыл-жылдам талқыланып, тез арада шешімі шығуы керек. Содан кеп, біз сөздерді қысқартамыз. Қалалық тіл – далалық тілден сонысымен аздап өзгешеленеді (меніңше, өзбек тілі – қыпшақтың тілінің қалаға бейімделген, саудасаттыққа ықшамдалған түрі)», – дейді ол өз жазбасында.

Бұл пікірге филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімін институтында бөлім меңгерушісі Орынай Сағынғалиқызы өз жауабын берді. Оның айтуынша, «қаяқ», «ояқ», «бұяқ» секілді сөздердің қолданылуы – бұл тек Оңтүстік өңірге тән емес, жалпы қазақ тілінде айтылу нормасы ретінде қалыптасқан. Оның пікірінше, сөздердің қысқартылуы мен айтылуы туралы нормалардың әртүрлі болатыны – тілдің табиғатының бір бөлігі.

«Қаяқ, ояқ, бұяқ» дегендер қысқартқанға жатпайды. Ол белгілі бір өңірге тән нәрсе емес, ол – айтылудағы норма. Керісінше, «қай жақ, келе жатыр» деп айтатын болсақ, ол – айтылу нормасындағы қате. Айтылу нормасы мен жазылу нормасы деген болады. Айтылу нормасын сақтайтын болсақ, «келятр, баратыр, жазватр» деп айтуымыз керек. Бізде қазір айтылудағы норма мүлдем бұзылып жатыр. Біз не жазылып тұр, сол күйінше оқып жүрміз. «Бара жатыр, келе жатыр, жазып жатыр» деп оқымыз – дұрыс емес. Бұл –

сөздерді қысқарту емес, керісінше айтылудағы біздің нормамыз.

Кезінде «бұл жыл» деген сөз, айтылудағы нормаға сәйкес «биыл» деп әдеби тілімізге кірді. Сол секілді айтылудағы норма, кейде жазылудағы нормаға кіріккен сөз ретінде енетін әсері бар. Бірақ бағанағыдай басқа да сөздер әдеби

нормасын сақтауы қажет деп ойлаймын. Кейбір дикторлар суфлерда не жазылып тұр, сол күйінше оқиды. Мектеп жасынан бастап біз айтылу мен жазылу нормасын үйретуіміз қажет. Ал қазір «ояқ, бұяқ» дегендерді дұрыс сөйлемейді деп айыптап жатады. Жазба тілі қалыптаспай тұрып,



тілге кіреді деп тұрған жоқпын. Ол қысқартуға жатпайды. Айтылғанда басқа болса, жазғанда таратып жазу қажет. Мысалы, «барсакен, келсекен» деп айту қажет. Жазғанда «барса екен, келсе екен» деп жазу керек. Бізде қысқарту деген «алып бар» деудің орнына «апар» деп қолданылады. Ол әдеби тілде де бар. Қазір сингормонизм толық сақталмай жатыр. «Келе ма, кіре ма» деп сөйлеп жатады. Негізінде «келе ме, бара ма». Осыны жастар да, үлкендер де дұрыс сөйлемейді. Кейбір әншілеріміз де әндерде дұрыс айтпайды. Сондай әдемі әндер, айтылудағы норманы, сингормонизмді сақтамағаннан кейін оның сиқы бұзылып, тіпті тыңдағың да келмейді. Әншілер, БАҚ өкілдері жазылу мен айтылу

ауызекі тілде, мысалы әжелеріміз ол жақ, бұл жақ деп жатпайтын, «ояқ, бұяқты аралап келдім» дейтін. Әжелеріміз дұрыс сөйлейтін. Халел Дұсмұхамедұлының пайымы орынды. «Тілді оқығандар бұзады» деген. Сол сауаты ашық азаматтар жазылып тұрған нәрседен арылғысы келмейді де».

Демек, тілді сақтап қалу мен дамытуда бізге тек әдеби тіл мен жазба нормаларын сақтау ғана емес, ауызекі тілдің байлығын да қадірлеу маңызды. Әсіресе, қазіргі жас ұрпаққа ауызекі тілдің дұрыс қолданылуын, айтылу нормаларын үйрету керек. Өйткені тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық мәдениеттің де негізі.



ВЕНГРИЯНЫҢ «КАРЧАГ КИНЧЕ» ӨНЕР МУЗЕЙІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН КӨШПЕНДІЛЕРІ: ӨТКЕН МЕН БҮГІНІ» КӨРМЕСІ АЯҚТАЛДЫ. ЭКСПОЗИЦИЯ ҚҰРАМЫНДА 200-ДЕН АСТАМ БІРЕГЕЙ ЖӘДІГЕР ҰСЫНЫЛЫП, ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ЕРЕКШЕ НАЗАРДЫ ҰЛЫ АҚЫН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ДОМБЫРАСЫ АУДАРДЫ. БҰЛ ДОМБЫРА ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛДЫ.

«ҚАЗАҚСТАН КӨШПЕНДІЛЕРІ» МАЖАРЛАРДЫ БАУРАП АЛДЫ



Көрмені 12000-нан астам адам тамашалады. Мұндай көрмелер бұған дейін Түркия, Оңтүстік Корея, Австрия, Италия және Чехияда өткен.

Көрмені Алматы әкімдігі мен Қазақстанның Мажарстандағы Елшілігінің қолдауымен Алматы қаласы музейлерінің бірлестігі ұйымдастырды.

Суреттер: Алматы әкімінің баспасөз қызметі

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)